КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 25 сәуір № 1013-25-00-2/420 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Балғабеков,
сот отырысының хатшысы М.Каримованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ядролық медицина және онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «KAIRUS» Жумашев Рустем Кайратович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
аудармашы И.Оспанова
талап қоюшының өкілі А.Едильбаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 04 маусымда «Ядролық медицина және онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер «KAIRUS» Р.Жумашев (бұдан әрі жауапкер) арасында № 421 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды. Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға 772 800 теңгеге гипстен жасалған қаптама тақтайшасын өтінім берілген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде табыс етуге, ал талап қоюшы тауарды қабылдап алып, жауапкерге шарт бойынша соманы төлеп беруге міндеттенген. Шарт бойынша жауапкер 23 184 теңге мөлшеріндегі шартты орындаудың қамтамасыз ету сомасын енгізген болатын. Талап қоюшы жауапкерге өтінімді 2024 жылғы 06 қарашада берген, соған сәйкес жауапкер

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 02.05.2025
Заңды күшіне енген күні: 03.06.2025, судья Балғабеков С. Б., 03.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тауарды талап қоюшыға 2024 жылғы 23 қарашаға дейін табыс ету керек болған. Шарт мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсан.

Талап қоюшының талап қоюдағы дәйектеріне сай, жауапкер шартты орындаған жоқ, тауарды табыс еткен жоқ, осыған байланысты шарт 2024 жылғы 17 желтоқсанда біржақты түрде бұзылды. Талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз деп қатысушы деп тануды және одан шарт бойынша 8 501 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкер сотқа өзінің қарсылығында талап қоюды мойындамай, талап қоюшы сотқа талап қою арызын берудің 30-күндік шектеу мерзімін өткізген деген дәйектерін келтіріп, осы негіз бойынша талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сотта талап қоюшының өкілі А.Едильбаева талап қоюды онда көрсетілген негіздермен қанағаттандыруды сұрады. Ол талап қою арызын сотқа табыс ету мерзімі бұзылмағандығын көрсетті. Талап қоюшы сотқа талап қою арызымен уақытында, яғни 2024 жылғы 03 желтоқсанда жүгінгендігін, алайда сот кабинеті дұрыс жұмыс жасамау салдарынан, талап қою арызы белгісіз себептерге байланысты тіркелмегендігін, талап қою арызының уақытында жолданғандығын дәлелдейтін талон барын, сот кабинетінен скрин-шоттар барын айтты.

Сотқа жауапкер жеке кәсіпкер «KAIRUS» Р.Жумашев келген жоқ, сотпен соттың болатын орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған, сотқа келмеу себептерін ұсынған жоқ, осыған орай, сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабы негізінде сот отырысын оның қатысуынсыз қарауға мүмкіндік бар деп табады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№№1,2 талап қоюлар.

Тараптар арасында азаматтық құқықтық қарым-қатынастар пайда болған кездегі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12-бабы 4-тармағы 1-бөлігінің 3)-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғандығы, шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға өтінім берілген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде гипстен жасалған қаптама тақтайшасын табыс етуге, ал талап қоюшы тауарды қабылдап алып, жауапкерге шарт бойынша сатып алу сомасын аударуға міндеттенгендігі анықталды.

Талап қоюшымен жауапкерге өтінім 2024 жылғы 06 қарашада берілген, осыған сай жауапкер тауарды талап қоюшыға 2024 жылғы 23 қарашаға дейін табыс ету керек болған.

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 02.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.06.2025, судья Балғабеков С. Б., 03.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Алайда, сот отырысы кезінде жауапкер талап қоюшыға тауарды шартта көрсетілген мерзімде және шарт әрекет ету мерзімінде, яғни 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін мүлде табыс етпегендігі, шарт осы негіздер бойынша біржақты бұзылғандығы белгілі болды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің 272-бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының талап қоюы негізді, жауапкер, соттың пікірінше, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылу керек деп есептейді.

Сот, жауапкер шарт бойынша тауарды талап қоюшыға шартта көрсетілген мерзімде табыс етпегендігін ескеріп, шарттың 7.3-тармақшасына сай, жауапкерден әрбір міндетемені орындамау күн үшін шарт сомасының 0,1 % мөлшерінде талап қоюшының пайдасына 2024 жылғы 23 қараша мен 03 желтоқсан аралығына 8 501 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп санайды (772 800 теңге х 0,1% / 100 % х 11 күн).

Жоғарыдағылардың негізінде талап қоюшының талап қоюын, сот құқықтық жағынан негізді, қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

Жауапкерден АПК-тің 117-бабына сай, мемлекет кірісіне мемлекеттік баж өндірілу қажет.

Талап қоюшы сотқа талап қою арызын берудің 30-күндік мерзімін өткізіп алмаған, талап қою арызын сотқа 2024 жылғы 03 жетоқсанда табыс еткен, ол туралы сот кабинетінің талоны, сот кабинетінен скрин-шоттар істе бар, талап қою арызымен бірге тіркелген. Сот кабинетінің тұрақты дұрыс жұмыс жасамауына орай, талап қоюшының талап қою арызы сот кабинетімен тіркелмей қалған.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ядролық медицина және онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «KAIRUS» Жумашев Рустем Кайратовичқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «KAIRUS» Жумашев Рустем Кайратович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «KAIRUS» Жумашев Рустем Кайратовичтан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 02.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.06.2025, судья Балғабеков С. Б., 03.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «KAIRUS» Жумашев Рустем Кайратовичтан «Ядролық медицина және онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 8 501 (сегіз мың бес жүз бір) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «KAIRUS» Жумашев Рустем Кайратовичтан мемлекет кірісіне 255 (екі жүз елу бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Балғабеков**

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 02.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.06.2025, судья Балғабеков С. Б., 03.06.2025

1013-25-3-1/352